

АЙҚЫН



Бастапқыда Шыңғыс империясына қараған, кейін (Мөңке Темірдің тұсында) өз алдына тәуелсіз ел болған Алтын Орда деп аталған алып мемлекетті Шыңғыс ханның немересі, Жошының ұлы Бату құрды.

1236-1243 жылдары Бату бастаған үлкен қол батысқа қанды жорық бастады. Батудың жер қайыстырған қолы Орта Азияны мекендеген жұртты, Кавказ және Еділ бойының халқын, солтүстіктегі орыс княздіктерін жаулады. 1237-1238 жылдары Рязань мен Владимир (қазіргі Ресей жері), 1239-1240 жылдары Чернигов пен Киев (қазіргі Украина жері) алынды. Батудың әскері тіпті сонау Еуропадағы Венаны қоршаған болатын. Алайда 1242 жылы Үгедей хан бақилық болып, Бату кері шегінді. Сөйтіп, Еділ жағасындағы Сарай-Бату қаласын астана қылып, сонда тұрақтады. Батудың иелігіндегі алып территория Алтын Орда деп аталды. 1243-1246 жылдары орыс княздері түгелдей Алтын Орда бодандығын қабылдады. Бату Владимир князі Ярослав Всеволодовичті «бүкіл орыстың ұлы князі» жариялап, оған Киевті сыйлады. 1255 жылы Бату хан дүние салды. Батудан кейін билікке ұрпақтары Сартақ, Ұлақшы келді. Алайда екеуі де дүниеден өтті. Сөйтіп, Алтын Орда билігі 1257 жылы Батудың бауыры, Жошының тағы бір ұлы Беркенің қолына өтті.

Берке туралы, оның Шыңғыс ұрпақтарының ішінде алғаш болып ислам дінін қабылдағаны, сөйтіп Алтын Орданы Қаракорымнан бөліп алып тәуелсіз мемлекет қылуға күш салғаны жайлы бұрын жазғанбыз. Сондықтан бұл тақырыпты қайта қаузамай, бұл жолы Бату мен Берке тұсында, одан кейінгі хандар кезінде Алтын Орданың әскерін бастаған баһадүр қолбасшыларға бұрдық. Батудың батысқа жорығында қол бастаған бірнеше қолбасшысы болды. Соның ірілері – Сүбедей мен Бұрындай.

Сүбедей (1176-1248) Батудан бұрын, Шыңғыс ханның қолбасшысы болатын.



Заманында оны «Шыңғыс ханның көкбөрісі» деп атады. Ол Шыңғыстың барлық жорығына қатысып, батырлығымен аты шықты. Солтүстік Қытай (Цзинь империясы), Меркіт және Хорезм елдеріне қарсы соғыстарда қол бастады. 1211-1215 жылдары Сүбедей мен Жошының қолы меркіттерге қарсы жорықта жеңіске жетті. 1219-1220 жылдары Сүбедей мен Жебе ноянның қолы Хорезмнің Самарқан мен Бұхар қалаларын алды. Одан әрі Иран арқылы Солтүстік Кавказға өтіп, 1222 жылы Грузин патшалығын бағындырды. Бұдан кейін алан, шеркеш, лезгин қыпшақтарға қарсы соғыс бастады. 1223 жылы Қалқа өзені бойындағы шайқаста Жебе мен Сүбедей қолы орыс-қыпшақтың бірлескен әскерін жеңді. 1224 жылы Жебе мен Сүбедей қолы шығысқа қарай бұрылып, Еділ бұлғарларына қарсы бағыт

алды. Алайда бұл жорық жемісті болмай, олар қазіргі Қазақ жеріне қарай кері шегінді.

1229 жылы Сүбедейге Жошының қолы келіп қосылды. Жошы мен Сүбедейдің бірлескен жорығы қыпшақтар, башқұрттар және бұлғарларға қарсы бағытталды. Осы кезде Жошы дүние салып, орнын ұлы Бату басты. Бату да батысқа жорықты жалғастырды. Бұл кезде Сүбедей Батудың қолбасшысы болды. Еділ бұлғарларына қарсы жорықта Сүбедей қолбасшының әскері жеңіске жетті. Батудың қолы Киевті алғанда да Сүбедей майданға қатысты. Алайда қарттық жеңген Сүбедей Қаракорымға қайтып оралды. 73 жасында дүниеден өтті.

Батудың қолбасшыларының бірі – ағасы – Жошының тұңғышы Орда-Ежен (1204-1251) болатын. Орда-Ежен тақ мұрагері бола тұра, өз еркімен билікті Батуға берді. Сөйтіп, сенімді серіктерінің біріне айналды. Жошы ұлысының сол қанатын басқарды. Сарайы Алакөл өзенінің маңайында орналасты. Орда-Еженнің ұлысы Ақ орда деп аталды.

Орда-Ежен де Батудың батысқа жорығына белсене қатысты. Рязань мен Киевті алуға жәрдемдесті. Венгрия мен Польшаға қарсы майданда қол бастады. Қазақ хандығын құрған Керей мен Жәнібек хандар осы Орда-Еженнен тарайды.

Орда-Еженнің үшінші ұлы Күремше (Куремса) де – Алтын Орда қолбасшыларының бірі. Ол Бату мен Беркенің тұсында қолбасшы, беклербек болды. 1252-1254 жылдары қол бастап, Галицкий-Волынский княздігін жаулауға аттанды. Алайда олардан ойсырай жеңіліп, 1257 жылы орнын Батудың тағы бір қолбасшысы Бұрындайға берді.

Бұрындайда – Батудың батысқа жорығында қол бастаған баһадүр. Алтын Орданың батыс бөлігін биледі. Ол 1236 жылы Еділ бұлғарларын, 1237-1238 жылдары солтүстік-шығыстағы орыс княздіктерін жаулауға қатысты. Бұрындайдың әскері Ростов, Ярославль, Углич, Галич-Мерский, Вологда княздіктерін бағындырды. 1238 жылы Алтын Орда қолбасшысы Бұрындай мен Владимир князі Юрий Всеволодовичтің қолы Сить өзенінің бойында кездесті. Осы соғыста орыстар ойсырай жеңіліп, Бұрындай княздің басын алып, Батуға тарту етті. Осы шайқаста Ярославль князі Всеволод Константинович те қаза тапты. Ал Ростов князі Василько Константинович тұтқынға түсіп, өлтірілді.

1240 жылы Киевті алғандардың бірі – осы Бұрындай. 1241 жылы Батудың Польша мен Галицкий-Волынский княздігіне жорығына қатысты.

1246 жылы құрылтай өтіп, онда Үгедейдің ұлы Күйікті қаған көтерді. Осы кезде Үгедей мен Шағатай ұрпақтары – бір жақ, Жошы мен Төле ұрпақтары екінші жақ болып, ұлыстар арасында алауыздық басталды. Соңында тіпті 1248 жылы Күйік хан Батуға қарсы жорық бастады, алайда Самарқан түбінде дүние салды. Бұл кезде Батудың жақтасы Төленің ұлы Мөңке болатын. Бату ұлы хан тағына осы Мөңкенің отырғанын қалады. Осы мақсатпен төлеліктерге қарсы шағатайлықтардың қысымын басу үшін Бату Отырарға өзінің бауыры Берке мен 100 мың қолды бастаған Бұрындайды жіберді. Нәтижесінде, Мөңке жеңіске жетіп, хан тағына отырды.

1258 жылы Алтын Орда билігіне Берке хан келді. Осы кезден бастап, бұрын Батуға бағынып келген орыс княздіктері оқтын-оқтын бас көтеретінді шығарды. Даниил Галицкий князь кресшілердің папасы IV Иннокентийдің қолтығына кірді. Александр Невский керісінше, кресшілерден іргесін аулақ салып, Алтын Ордаға тәуелді болуды таңдады. Орыстардың өзі осылай қажарылып жатқан уақытта Берке хан Бұрындайды қолбасшы етіп, жағдайды тұрақтандыруды соған тапсырды.

1258 жылы Бұрындай Литва мен Польшаға соғыс ашты. Нәтижесінде, Даниил Галицкий Бұрындай жағына өтті. Бұрындайдың осы шайқастан кейінгі тағдыры белгісіз. Шамасы, өмірінің соңында Жетісуды жайласа керек. Алматы облысының Іле ауданында, Жамбыл облысының Жуалы ауданында, ОҚО-ның Бәйдібек, Ордабасы аудандарында Боралдай (Бұрындай) деген ауылдар бар. Соған қарағанда Алтын Орданың даңқты қолбасшысы Боралдайдың табаны тиген жерлер болуы мүмкін.

Алтын Орданың кейінгі қолбасшылары туралы айтқанда Ноғай, Мамай, Едігені аттап кете алмаймыз. Бұлар Алтын Орданың әскерін бастап қана қоймай, беклербек дәрежесіне дейін көтерілген батырлар болатын. Ноғай (1235-1300) Беркенің қолбасшысы болды. Беркемен бірге ислам дінін қабылдады. Алтын Орда қолбасшысы Ноғай 1262-1263 жылдары Иран елханы Құлағуға қарсы қол бастап, Терек өзенінің бойында оларды жермен-жексен етті. Византия мен Болгарияны бағындырды. Ноғайдан жеңіліс тапқан Византия императоры Михаил Палеолог оған қызы Ефросинияны берді.

Орыс княздері де Ноғайдың боданы болды. Ноғай орыс княздарымен бірге Литва, Польша, Сербияға шабуыл жасады. Алтын Орданың бес ханының (Берке, Мөңке Темір, Төде Мөңке, Төле Бұға, Тоқты) тұсында қолбасшы болды. 1291 жылы Ноғайдың қолдауымен Алтын Орда тағына Тоқты отырды. Алайда Тоқты Ноғайды қарсылас санап, одан құтылуға асықты. 1300

жылы Бұға өзенінің бойында Ноғай әскері Тоқтының қолынан жеңіліс тауып, көп ұзамай дүние салды. Бүгінде ноғай жұрты өздерінің атауын осы Ноғай қолбасшымен байланыстырады.

Алтын Орданың тағы бір қолбасшысы – Мамай. Жәнібектің кезінде Мамай Еділдің батысына иелік етті. Кейін Қырым мен Қара Теңіздің сол жағын биледі. Ал Бердібектің кезінде беклербек қызметін атқарды. Бердібек ханның қызына үйленді. 1359 жылы Бердібекті Құлпа өлтіріп, өзін хан жариялады. Мамай Құлпаға қарсы соғыс ашты. Алтын Ордадағы Бердібектен бастап, Тоқтамысқа дейінгі уақыт тарихта «Ұлы бүлік» (1360-1380 жылдар) кезеңі деп аталды. «Ұлы бүлік» кезінде Алтын Орда тағына 25 хан отырды. Алайда іс жүзіндегі билеуші беклербек Мамай болатын.

«Ұлы бүлікті» орыстар да пайдалануға тырысты. Олар Алтын Орданың боданынан құтылуға асықты. 1380 жылы Алтын Орда беклербегі Мамай мен Мәскеу князі Дмитрий Донской арасында майдан болды. Тарихта ол Күлік шайқасы деген атпен қалды. Бұл соғыста Мамай жеңілген делінеді. Алайда кейінгі тарихшылар бұл шайқастың болмағаны жайлы жиі жазып жүр. 1380 жылы Калка өзені жағасында Мамай мен Әмір Темірге арқа сүйеген Тоқтамыс әскері шайқасты. Соңында Мамай жеңіліс тауып, Кафаға (қазіргі Феодосия) қашты. Осы екі шайқас Мамайдың Алтын Ордадағы беделін әлсіретті. Орыстың Глинский княздары өздерін осы Мамайдан таратады. Елена Глинская – орыс патшасы Иван Грозныйдың анасы. Бүгінде украин жұрты Мамайды өздерінің халық батыры санайды. Тоқтамыстың Алтын Ордадағы билігі ұзаққа созылған жоқ. 1391 жылы Әмір Темір өзінің уысынан шығып кеткен Тоқтамысқа қарсы шабуыл бастады. Бұл кезде Едіге Әмір Темір қолбасшыларының бірі болатын. Тоқтамыс жеңіліс тауып, Едіге Алтын Орданың жаңа ханы Темір-Құтлықпен бірге Алтын Ордада қалды.

1398 жылы Витовт билеген Литва мен Польша және батыстағы орыс княздіктерінің біріккен қолы Алтын Ордаға шабуыл жасады. Олар алдымен, орыс княздіктерін, артынша Алтын Орданы отарлауға мықтап бекінді. Алтын Орда қолбасшысы Едіге 1399 жылы Борсық шайқасында оларды Киевке дейін қуды. Осылайша, Едіге қанды қырғыннан орыстарды сақтап қалды. Кейін Едіге Әмір Темірге бағынбай, Алтын Ордадағы билікті өз қолына алды. 1400 жылы Едігенің басшылығымен Ордада төңкеріс болып, Темір-Құтлық қаза табады. Орнына інісі Шәдібек хан тағына отырады. Алайда іс жүзіндегі билік Едігенің қолында болатын. Шәдібек енді Едігеге қарсы соғыс бастайды, бірақ жеңіліс тауып, Дербентке қашады. Сол жақта өмірден өтеді. Енді Алтын Орда тағына Шәдібектің інісі Болат отырады.

1405 жылы Әмір Темір бақилық болып, Мәуринахрда билікке талас басталды. Осы жағдайды өз пайдасына жаратқан Едіге Хорезмді жаулап алады. 1410 жылы Болат хан қайтыс болып, орнына Темір хан отырды. Темір хан да Едігені мойындамай, оған қарсы шығады. Осы кезде Ордаға Тоқтамыстың ұлы Жалаладин шабуыл жасайды. Бұл кезде Едіге Хорезмге қарай ығысады. Хорезмде тұрақтаған Едігені енді Алтын Орда билігін қолына алған Жалаладин тыныш қоймайды. Алайда Жалаладиннің қолы Едігеден жеңіледі.

Едіге Алтын Ордаға қайта оралып, таққа таласқан Тоқтамыс ұлдары Кепек пен Керімбердінің осал тұсын іздейді. Енді Едіге Шөкренің беклербегі болып, Кепектен билікті тартып алады. 1416 жылы Едігенің қолы Киевті басып, Днепр жағалауын иемденді. Кейін Ноғай ордасының негізін қалады. 1419 жылы Сарайшықта шейіт болды. Артында жиырмаға жуық ұлы қалды. Орыстың Урусов, Юсупов секілді князь тұқымдары – осы Едігенің ұрпақтары. Ноғай мен қазақ арасында да Едігенің ұрпақтары бар. Шоқан Уәлиханов «Қазақтың ең тамаша жыры» деп бағалаған «Едіге» жыры – бүгінде түркі жұртына ортақ қазына.

Біз, Қазақ елі, батысында асау дария Днепрге, шығысында Сібір ормандарына дейін шұбалып жатқан Бату, Берке, Мөңке Темір, Өзбек, Жәнібек, Бердібек, Орыс, Тоқтамыс хандар билеген, Сүбедей, Бұрындай, Ноғай, Мамай, Едіге секілді қаһарлы қолбасшылары болған, іргеміздегі орысты былай қойғанда, атын естігенде сонау еуропалықтардың тізесін дірілдеткен Алтын Орда деген айбынды мемлекеттің тарихи мұрагеріміз. Сондықтан осы ата тарихты жиі айтып, жиі жазып, жиі насихат қылып, бүгінгі жас ұрпақтың құлағына сіңіріп, жадына жаттата беру – біздің баһадүр бабалар алдындағы мәңгілік парызымыз.